

cl 2007
43к

КАЗІРГІ
ҚАЗАҚ
ПОЭЗИЯСЫ

Әкім
Мейірбекұлы

Жүрекке
жол





Әкім Мейірбекұлы

*Жүрекке
жол*

Өлеңдер мен поэма

Ш

Алматы
“Жазушы”
2006

ББК 84 Қаз 7-5

М 40

*Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігінің бағдарламасы
бойынша шығарылды*

Мейірбекұлы Әкім

**М40 Жүрекке жол. Өлеңдер мен поэма: — Алматы:
Жазушы, 2006.— 160 бет.**

ISBN 9965-746-97-4

Кітапқа ақынның көңіл тебіренісінен туған лирикалық өлеңдері мен “Майдаштың махаббаты” атты шағын поэмасы енді.

**M 4702250202—22
402(05)—06**

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-746-97-4

© “Жазушы” баспасы, 2006

КӨКЕН БАТЫР

Батыр баба,
Ізің қалған Қаратуда, Құмдарда,
Осы өнірді жайлаған Сақ, Фұндар да.
Байтақ далаң дел-сал күйі жатты ұзак,
Ши бөрідей жау жортпаған күн бар ма?

Бейқам еді-ау малын баққан ел іші,
Жайлаулары — жұмағы мен кеніші,
Бір қанаты — Қаратудың саздары,
Бір қанаты — Қызылқұмның өрісі.

Қапияда жау шапқанда жайлауга,
Малы-жаны кете барды айдауда.
Қалмақ қырды, қырды жонғар халқынды,
Бауырлардың кетті қолы байлауда.

Қабақ түйдің, жүрек жанып кектендің,
Бала едің-ау жауға есе кеткен күн.
Өстің содан қылыш болып қайралып,
Дала алдында дараланып серт бердің.

Кек қайтару жауға берер жазадай,
Сертің сені өткірледі найзадай.
Қасіретін көргенде өз халқындың,
Өр кеуденді өртеді кек-найзағай.

Жаулар тағы жайлауынды басқанда,
Есейіп ең өрт тигендей жас қанға.
Жауға аттандың жарагынды сайланып,
Мың тосқынды салайын деп асқанға.

Қол бастаған батырлардың бірі едің,
Жаудан беті қайтпағаның дүрі едің.
Қаратуда жолбарыстай жорттың да,
Қызылқұмның жалдарында түнедің.

Көк бөрідей қаптағанда жасағын,
Жаудың мысын ұрандаған басады үн.
Тауда, таста, құмда жауды жайратып,
Елді қорғап, ерлікті сан жасадың.

Өз көзіңмен қарағанда кешеге,
Қайтты кегің, қайтты жаудан есе де.
Армандаған Елің бүгін тәуелсіз,
Өзіңе арнап салды ескерткіш – кесене.

ШАҒАЛА ҮНІ

Сезіктенем қиқулаған құсындан,
Қиқулайды ол шақтарында қысылған.
Ақ шағала үніндегі қайғы-мұн,
Файып болған теңіз бе көз үшынан.

Файып болды-ау толықсыған айдыны,
Аймаламас енді ақ төсін Ай нұры.
Сыр мен Әму емізбесе исініп,
Теңіз, теңіз семіп қалар қай күні?

Толқын теппей қос өзеннің арнасын,
Кеппей қайтсін сарқылып су қалғасын.
Ауып жүрген ақ шағала үнінде,
Адамзатқа айттар бүгін зар басым.

Шағала үні:
Ей, адамзат!
Теңізді тіршіліктен айырма,
Айдын суды айналдырма қайырға,
Ертеңгісін ойламайтын жәндіктен
Бар емес пе ед айырман!...

ЕРТЕҢІМ НЕ БОЛАДЫ?

Ертеңім не болады, ойга қалам,
Теңіз-ойға батамын бойламаған.
Биіктерге қараймын... бұлдыр, үнсіз,
Алғы күннен сыр айтпас Ай да маған.

Ертеңім не болады, бұл — алаңым,
Ертеңімді мен қалай біле аламын?
Асқар тауым тұра ма аласармай,
Солғын тартпай тұра ма гүл, алаңым?

Ертеңім не болады, толғанамын,
Оң қабағым тарта ма, сол қабағым?
Теніздерім тартылмай, су керней ме,
Өзендерім құя ма толған ағын?

Ертеңім не болады, сұранамын,
Ертеңі ен даламның-ұлы анамның?
Осылар аман болса мен де аманмын,
Ойламай қайтіп оны тұра аламын?!...

КӨК СЕРКЕ

*“Күреңмен қырқа асып бара жатқан,
Қартқа қарап көк серке маңырады”...*

Мұқагали.

“Қартқа қарап көк серке маңырады”,
Қарт кеткелі жылдар көп жамырады...
Қартпен бірге кеткен бе ырыс-құты?
Мал маңырамай, кең жайлау қаңырады.

Кең жайлауды гүл жапқан мамыр әлі,
Жапырактар желменен жамырады.
Тау тасындай қаптаған малы қайда?
Іздегенмен ол қайдан табылады?

Қазекемнің төрт түлік ырысы еді,
Ырыс барда талтаңдал дұрыс өні.
Алдынан отар-отар қой өргенде,
Шекесінен шалт қарап тұрушы еді.

Ондайда шопанның да сөзі дәмді,
Өзі батыр сияқты, өзі хан-ды...

Қалың малды қасқырдай қырып салып,
Қисапсыз байлығының азы қалды.

Қалған малды ит пен құс торып алды,
Кедейленген байғұстар қорынады.
Аш-арықтар ауласа құмнан киік,
Сыздай қарап сараң бай тарылады.

Қазақ қайтсін, бұл нарық қыспаққа алса,
Қалған малға қайраулы пышақ қанша?!
Жарап еді-ау жайлауын құлазытпай,
Маңыраған көк серкесін үстап қалса.

ЖЫР КҮМБЕЗІ

немесе

ҰЛЫ ИАСАУИ БАБАМЕН СЫРЛАСУ

Түркілердің аспанын жарқыратқан Күн едің,
Құдіреті хақ Алланың сүйікті бір құлы едің.
Алла сөзін жеткізген Мұхамедтен кейінгі,
“Дәптер сәни” авторы — ұлылардың ұлы едің.

“Бісіміллә” деп бастап, белді будың, жарықтық.
Ауыр жолда байқалған өлжуаздық, алыптық.
Хиқмет ету оңай ма қасиетті Құранды,
Көздің майын, жүректің ыстық қанын сарып қып.

Құран сөзі ғажайып, әрі терең, әрі шың,
Әр ғаріпі алтындей, айтылғанның бәрі шын.
Айналышқатап адасқан бұлдыр сенім пендесі,
Үміт отын тұтатып, тапқан дертке дәрісін.

Алла жолы — әділдік, Алла ісі әрі құп,
Періштедей пендеге көрмек емес тарылып.
Адам ата жаралған махаббатынан бір Хақтың,
Сүйін оның ұрпағы ақ жүргегімен жарылып.

“Бісіміллә” деп бастап, хиқмет еттің Құранды,
Түркілердің тілінде ұғымды да ұнамды.

Жыр жиһазы — дүр, жауһар жүрегінен ұшырған,
Дүбірлеткен дүниені, сілкіндірген Тұранды.

Сүрелерді жүрекке жеткізбекке нұрлы оймен,
Әсем өуез, сиқырлы сазды сырнаймен.
Шабытыңың отына күні-түні шарпылдың,
Шалдығу мен шаршауға беріспейтін шыраймен.

Ойларыңың оябын шариғатқа негізден,
(Адалдық пен әділдік жырындағы егізек).
Адамзатқа мөп-мөлдір махаббатты ұсындың,
Махаббат пен шындыққа шөліркеген ел ізден.

Хикіметінен қаншама шәкірттерің нәр алған,
Миға ойлар, көзге нұр, бойға қуат таралған.
Орап алса ойлы жыр өрнекті әсем тілімен,
Әлем өзі әсемдік, сұлулықтан жаралған.

Ұрпақтарға ұсындың парасаттың биігін,
Жыр жолында ғұмырдың тарттың азап, қынын.
Дүние толы жұмбак сыр, кілт ұсындың ойлыға,
Мағырипатпен шешілмек жұмбак сырдың түйінін.

Ақын баба, ой жетпей көз сүземін асылға,
Ұлылықты үқастан мүмкін бе алға басуға?
“Диуани хиқметің” шашты әлемге шұғыласын,
Аласармай аспаны ғасырлардан-ғасырға.

ТОЛҚЫН— ҒҰМЫР

Тұған жер тарихы бар мың жылдаған,
Тоныкөк пе, тасқа ойып кім жырлаған?
Сиресе де табылар шежіре қарт,
Шежіресін шерт десең қынжылмаған.

Хикаяның өзегі сырлы Сейхун,
Тұлеткен жердің кейпін, елдің кейпін.
Тұған жерім Сейхунның жағалауы,
Тұған жұрты ол Қас Сақтың “Өзгент” дейтін.

Жиһангерлер сүқ көзбен жүрген козеп,
Қала екен Сырдағы “Өзгент”, қырдағы “Өзгент”.
Сыландаған дария, сұлу шаһар,
Мадактаған шайырлар тілін bezеп.

Тарихқа аян қаласы “Сығанақтың”,
Басын бүрмай өтпеген қылаң аттың.
Монғолдардың қиратқан қалың қолы,
Тұншықтырмақ болған ба сұғанақ тұн?

Бабаларым салғанда “Шымқорғанды”,
Аласапыран қатерлі күн болған-ды.
Көккөздердің от шашқан зеңбірегінен,
Қантөгісті баяндар сыр қалған-ды.

Сыр бойында бой тіккен қанша қорған,
Сұрша дала, жағалай сусар орман.
Дария арнасынан асып-тасып,
Жалғасқан мың сан үрпақ, мың сан арман.

Сырдариямыз ежелгі Сейхундария,
Қасиетті ол анамыз, — дейтін қария.
Ел-жұртын узызымен асыраған,
Суалып, сүр қашқаны бертін ғана.

Толқындар мен толқындар табысқалы,
Қанша заман жылыстап алыс қалды.
Жағалауда жалғасқан қаншама үрпақ,
Елдің өңкей ер-өжет арыстары.

Бұл жаға құт мекені нар қамыстың,
Мекені туын тіккен ар-намыстың.
Эпостағы “Жиделі байсын” осы,
Кіндік кескен жұрты бұл Алпамыстың.

Аңсағанмен бақыты бүйірмаган,
Қорқытқа құлақ түрген дүйім ғалам.
Халқына өлмес өмір іздеңенде,
Шер конілмен шертіпті күйін бабам.

Заманалар зуылдап оте берген.
 Батыр ұлдар парызын отеп олген.
 Қоқандық қорқаулармен шайқасқанда,
 Халқы айналып отырған Көкен ерден.

Соғыстарда соғады дабыл арға,
 Намыссыздан батылдық табылар ма?
 Ұлы Отанды қорғауда фашистерден,
 Ер атанған Әбутәліп Әнуар да.

Сыр бойында қанша би, күйші өткен,
 Әділдігі болмаса бишік өктем.
 Шындықтың шырайы боп Құлан ақын,
 Әлшекей небір көсем күйін шерткен.

Парықтасақ парасат тарихты,
 Жайсаң жандар ісімен жан үйітты.
 “Әлемнің азаматы”, өм “Қаһарман”,
 Біледі ел құдіретті дәрігер Әлиевті.

“Сүлейлердің” түяғы Манап еді,
 Фұмырлы маржан жырдың дара кені.
 Дуалы ауыз ұлылар: ағамыздың
 “Бір өзін бір театрға” балап еді.

Шындардың шоқтығындай Жұсіп ақын,
 Сырды аңсап сағыныш-жыр ұшыратын.
 Сейсен де аңқылдаған ақын еді-ау,
 Жүргінен жауғар жыр ұсынатын.

Туған жердің шежіре-нөрін емген,
 Байлық жасап халқына барын берген.
 Қос тарлан Дүкенбай мен Тынымбайға,
 Сінді осында суреткерлік дарын деген.

Жүргіне үялап үшқыр арман,
 Жағада жыр оқитын құсқа ұнаған.
 Сол Есенғали елім деп тебіренсе,
 Жырынан ойлы жандар үшқұн алған.

Сыр ғой бүл сан үрпакты жалғастырған,
Толқындар толқындарды алмастырған.
Өзгергенмен ғасырлар, заманалар,
Уақыт өзгермейтін талmas қыран.

Өні түлеп өзгерді қоғамдар да,
Сызат түсті саналы адамдарға.
Өзгермеген не қалды дүниеде,
Құрлық, мұхит өзгерсе амал бар ма?

Сыр жағасы айрылды ажарынан,
Айдын көлдер айрылды базарынан.
Су азайды, бағы мен базар тайды,
Бұрын семер сыңайлыш ажалынан.

Жасыл баулар жар бойлап емінбейді,
Сәмбі талдар иіліп төгілмейді.
Тоғайда селдіреген қара ағаштар,
Қаралы сұлулардай енірейді.

Сиреген тораңғылдың наласы бар,
Сорға айналса топырақ-жара шығар.
Жағалай нарық қысқан ауылдардың,
“Ауыл жылы” дейміз-ау бағы ашылар.

Дертіне дауа таппай дарияның,
Кімге керек жылауық жария мұн.
Алақанды жайғанмен Арал толмас,
Деген сөзі есімде қарияның.

Туган жер, ашылар-ау бағың әлі,
Бәлкім бір кез дертиңе ем табылады.
Қаншама жер жәннаты кездескенмен,
Үшқан қыран үясын сағынады.

Жаңақорған ежелгі Шымқорғаным,
Жаңағаның қалаймын, шындалғанын.
Шындан сырғып құладық шыңырауға,
Ақынбыз ба жырлайық шын, болғанын.

Тұғіскеннің ақтарып алтын дәнін,
Кеше ғана емес пе шалқығаным,
Қаратауды қаптады төрт түлік мал,
Байлығымен шықты аты Шалқиямның.

Тер төккенге қонады бақ бір істен,
Маржан таулар тұрғызыдық ақ күріштен.
Ауданымыз ерлерден кенде емес-ті,
Мол байлықты сапырып тапты ырысты Ел.

Ерлерді мадақтасам жалындаймын,
Ер Қадір, Сердалыға өнім дайын.
Қой түлігін мыңғыртып жұлдыз таққан,
Орны бөлек Шоманбай, Орынбайдың.

Өткен күннің бұл да бір биігі екен,
Биіктен құлдыраған қыын екен.
Құлдыраудан сүлдесі сүйретіліп,
Аман шықса адам да ийді екен.

Халқыма бақыт, байлық оралады,
Қамбаға алтын астық толады өлі.
Нарықтың қыспағынан құтылғанда
Кедейшілік деген ит жоғалады.

Көңілі күпті, қол жетпей жақсыға өлі,
Көкжиегі көрінбес бақ сынағы.
Қолын жаю шаршатты шаруаны,
Кенірдектен қысқанда тапшы жағы.

Ар-намыс алақанды жайып тұру,
Жоқты өзінде өзгеге қайда ұқтыру?
Көzsіз мақтау — суюдің парызы емес,
Туған жерді суюдің басты шарты—
Қасіреті мен дертінен айықтыру.

ПОЭЗИЯ

Поэзия, киелім, кешір мені,
Көкіп қайтем өзімді өсіргелі.
Қара өлеңге қара нар болмасам да,
Желіп ерген ботаңмын көшіндегі.

Поэзия, о бастан дара тудын,
Сен-дағы өмір үшін жаратылдың.
Адамзаттың арманы, тіршілігі,
Жарқыл қақты жырында сан ақынның.

Адамзатпен жасасқан құрдасындай,
Сырласасың қашанда сырласудай.
Бірде қайғы шертесің, бірде мұнды,
Өмір-ағыс өзгермей тұрмас үдай.

Болдың білем, халқымның жаң тынысы,
Тарихы, тарлан шағы, талпынысы.
Қайғырса — көкірегінен төккен зары,
Куанса — шаттығының шарпылысы.

Замана таппай бүгін сөз дауасын,
Үнімде үзік-үзік боздау басым.
Өлең жетім қалған соң, өнер жетім,
Жүргегімді ол қалай қозғамасын.

Поэзия, киелім, кешір мені,
Көкіп қайтем өзімді өсіргелі.
Қара өлеңге қара нар болмасам да,
Желіп ерген ботаңмын көшіндегі.

КЕЛДІ МЕ ТАҒЫ...

Келді ме тағы бір көктем?
Жалаңаш бауды бүрлеткен.
Қаһарын төгіп алты ай қыс,
Қабағын түйіп тұрды өктем.

Қаһарын тогіп күш қылған,
Айдаһар болып ыскырган.
Тағынан тұспей шұнақ шал,
“Мәңгілікпін” деп төсті үрған.

Жегідей жеді төзімді,
Еңсeler тұсті, езілді.
Фашық боп келген өмірге,
Талайлар тайқып безінді.

Шұнақ шал екен өңгүдік,
Жоқ екен дүние мәңгілік.
Көктемнің шуақ нұрымен,
Дүние кетті жаңғырып.

Көктем де келді гул өнді,
Жасанды дүние түрленді.
Алып ек “үн” деп бір демді,
Қашама тұrap бұл да енді?

ӨЗІМДІ ОЛАЙ ДЕМЕН...

Өзімді олай демен,
бұлай демен,
Қашаннан пайғамбар да,
құдай да емен.
Біреулер тасыраңдал төрге озса,
Мен неге шегіншектеп құлай берем?

Біреулер халық үшін алысқандай,
Сөз саптап көсемсиді данышпандай.
Өзгелер өзеуресіп жұлқынғанмен,
Күлемін де қоямын,
“таныстардай”.

Біреулер кеуде керіп шіренеді,
Көтере алмай тұрады сірә нені?
Неше тұрлі жандарға кезіккенде,
Неше тұрлі ой сан-саққа тіреледі.

Өзімді олай демен,
бұлай демен,
Қашаннан пайғамбар да,
Құдай да емен.
Біреулер тасырандаپ төрге үмтышса,
Мен неге шегіншектеп құлай берем?...

ҚЫС

Кәрі құда-қыс танытып ызғарын,
Өлкеме кеп жайды төсек-мұз, қарын.
Шайпау аяз шаншудай-ақ қадалды,
Салқын қарап құдағиы-қызба Күн.

Қыр апаның қуырып ап апшысын,
Қожайындай долы боран тартты ішін.
Ақ түтекте аш бөрілер ұлыса,
Қайран шопан қайрап қояр жақ тісін.

Кәрі құда қайтар емесрайдан,
Тұнереді, түре салып бір ойран.
Қыс жаманы жадырар-ау көктемде,
Ел қабағын қайтсем екен мұнайған?

* * *

Желтоқсанның көргенде желді кешін,
Құтырынған қандай күш келді дерсің.
Алай-түлей суырған суырсын қар,
Шығарып бір аспан мен жердің есін.

Дүлей боран дүркіреп құтырады,
Суырсыннан күн жүзі тұтылады.
Ақ түтекке қол созған өлсіз сөуле,
Құшағында ымырттың жұтылады.

Қараңғылық жабады төңіректі,
Қара бояу зерлейді зенгір көкті.
Тұла бойды тініткен жылан-желдің,
Шағып-шағып алады демі бетті.

Кім көрген, үскірік, мұз, мұндай кешті?
Ессіз дүлей ескегін тынбай есті.
Суынған сүйегінді сырқыратып,
Жылағандай қыл қобыз, сырнай ескі.

Ауыл үсті қаранғы, оты бұлдыр,
(Адасқанның іздейтін заты бұл бір).
Ұлын іздең шыққан ба уайымдаң,
“Асая еді, — дейді қарт, — аты құрғыр...”

“ЖАС АЛАШҚА” СЫР

Жасымнан жан серігім, “Жас алашым”,
Шындар мен шыныраулардан бас аласың.
Елестеп есіл күндер қартайсам мен,
Халқыма нұр тасып сен жасарасың.

Қайткенде жеткізем деп алашымды,
Өз бейнең шырылдаған ана сыңды.
Іздеген сенен табар дана сырды,
Жабыққан сенен табар жанашырды.

Кезімде балаң жырға күпті, алан,
Тіледің қуандырып құтты қадам.
Үмітімді үкілеп жібергендей,
Қауырсынды қос қанат бітті маған.

Құпиялы ғұмырға қаламын таң,
Байқалды не алғашқы қадамынан.
Сыңар езу сырқатым бұра тартып,
Алып қашты-ау жыр бәйге алаңынан.

Өкініш ол, жабыспас бірақ маған,
Жол көрсетер өзінден шырақ табам.
Сені байтақ күтеді Қазақ жері,
Кездерің жоқ халқынан жырақтаған.

Шерту үшін шындығын замананың,
Санаға сап сан жолды саралалың.

Колда барда алтынды бағаладың,
Ақиқаттың ауылын сағаладың.

Талаптыны қуанттың көзін ашып,
Таланттардың өзіңе өзі ғашық.
Мұқағали-мұхиттай мұнды ақынның,
Демеп жүрдің алау жыр-сөзін басып.

Сырын ашып қаншама бұл ғаламның.
Қинайтынын кедейді бір ғана мұн...
Арсыздығын арсыздың бетке бастың,
Жетімдерді жатжұртқа пұлдағанын.

Қайралған ар, намысқа қайран жастық!
Арамзамен айқасып, майдандасып.
Қылыштың да жүзіне қарсы ұрасың,
Кетпесін деп тасырлар тайрандасып.

“Жас алашым”, аңсан мен сені іздегем,
Жастығын, болашағын Ел іздеген.
Білгенге маржан жатыр тереңінде,
Байлығы өлшенетін теңізбенен.

Сені күтер тауларым тізбектелген,
Ақ сәлдесі аспандап, мұз бөктерген.
Сені күтер “Сарыарқам”, сайын далам,
Молшылығы, байлығы күз боп келген.

Сені күтер көлдерім, өзендерім,
Ертіс, Жайық, Сырдария гөзелдерім.
Қасиетті Каспийім, мұнды Аралым,
Тарихымды танытар кезендерім.

Аңсан күтер мұнайшы, балықшылар,
Жастық жігер толқынды жарып шығар.
Мартен пешті тұтатып, тас қайнатып,
Біздің жастар қыннан алып шығар.

Сені күтер егінші көктемдейін,
Жылылығың жанына жеткендейін.

Қырда қойшы құтеді, тұзде малшы,
Іңкөр хабар жеткізер кептердейін.

Қасиетінді үғамын қанша тағы,
Айтқан сырың — ақиқат аңсатады.
Саналарды сәулеңмен оятасың,
Шындығың шырайланған таң шапағы.

ОТАН

Отан — панам, дүниеде панам барда,
Дүниеде ең ұлы Аナン барда.
Бақытты мен байлығым жетіп жатыр,
Менен өтер бақытты адам бар ма?

Онаң басқа байлықты тілемеспін.
Панам барда қырандай түлеп өстім.
Отан барда жер- суым жетіп жатыр,
Ол болмаса мен дағы түк емеспін.

Отан барда алыппын, құштімін мен,
Ақынмын мен сайрайтын құс тілімен.
Отан барда ең үздік диқанмын мен,
Жұмыр жердің орайтын үстін гүлмен.

Отан барда, дүниеде панам барда,
Көңілім бір сәт құлазып аландар ма?
Желдей ескен еркінмін Отан, сенде,
Қарыздармын сол үшін саған ғана.

ОРАЛУ

Әбділда Тәжібаевқа

Ақын келді.
Тұған жермен қауышты.
Ақын келді, бұлбұл үн, қаз дауысты.
Жолай кешкен сиқыр сезім дүниесін,
Жайып тастап
Тұған жермен табысты.

Аңқылдаған қуанышын баса алмай,
Шаққа түр-ау кемерінен тасардай.
Тебіренген теніз – жанын үққанға,
Қарая қын көзіне ыстық жас алмай.

Ыстық, ыстық Сыр-анасы, тау, осы,
Табылды ма сағынышының дауасы?
Асып-тасқан кеудесіне аққынның,
Құйылады жаннат жердің ауасы.

Жанарында шаршау да жоқ тұнатын,
Тұған жерден қайта алды ма қуатын?
Сағыныштың жалынына оранып,
Жастық шаққа қайта оралып түр ақын.

* * *

“Ақжол” атты ауыл бар Сыр бойында,
Жүргегімді жылдытып, жүр ойымда.
Адамдары-ай, бауырмал бала мінез,
Жабысады желімдей лайы да.

Ұмытылмай әр сәті сағындырып,
Жетелейді сағыныш сабылдырып.
Қысы қандай, қыспайды, қойдан жуас,
Жазғы күн жадыратқан, сағым күліп.

Қызы-көктемі ауылымның ала бөтен,
Алуан түске боянған дала мекен.
Жиде жұпар шашқанда жағалауда,
Жұпар иісі мұрныңды жарады екен.

“Ойшенгелде” ну қамыс үкі байлап,
Тогай жағы гүл кілем тұтады өйбат.
Егіншілер жаз бойы еңсереді іс,
Еліміздің ертеңгі құтын ойлап.

Дихан тері жаз бойғы салмақтанып,
Күзде “ақ түие қарынын жарды ақтарып”.
Сыймай кеткен сырымды ішімдегі,
Менде ақтарсам деп жүрем арнап барып.

ТОЙ ҮСТИНДЕГІ ОЙ

Даламда той, желпіндірді жыр, думан,
Төуелсіздік бақытты деп таниды Ел.
Адам легі құжынайды қырымнан,
Салтанатта сап түзеген сәнді үйлер.

Ақбоз үйлер,
Қоңыр үйлер,
Қаруйлер,
Қараймын да қуанамын, езілем,
Жел жеткізген бағзы әуендер өлдилер,
Мұны басым мың жылдаған шежірем.

Киелі үйі емес пе еді ғұндардың,
Киелі үйі емес пе бұл сақтардың?
Шаңырақтардың қайғыларын тындағым,
Баба мұнын жүрегімде сақтармын.

Уықтары қолын созып аспанға,
Тағат таппай таңды күтіп сарғайған.
Сол заманда бақыт безіп қашқан ба?
Соры арылмай қойған екен мандайдан.

Кең даланың қалмасын деп иесі,
Қаруйлерге қаншама жау өрт салған.
Қаншама өрттен аман қалған киесі,
Ал, қырғындар ел есінде сақталған.

Ұмытыла ма, жауыздардан қалған із?
Жонғар салған жұтты жалын-жалмауыз!
Қанша ермактар салды ойранды, қанішер,
Төбе шашың дуылдайтын қалды аңыз!...

Ата-бабам халық еді көшпенді,
Қаруйлерде еркін тұрып, өскен-ді.
Батыр болды қорғай алар даласын,
Жанып жүріп тұтататын өш'кенді.

Өнерлі еді ойын айтқан күйменен,
Батыр халқым жауына бас имеген.
Ұнамаса көшіп осы үйменен.
Құлдықтың да қамыттарын кимеген.

Қысы-жазы қанат жайған далада,
Осы үйлерде өскен хан да, қара да.
Асқақтаған тауға бұл үй жан берген,
Сән де берген көгілдір көл жағаға.

Бабалардың тарихына таң қалам,
Ерлікпенен сақтады үйін, қалды аман.
Тігіледі осы үйлер тойларда,
Астарда да бабаларға арналған.

Тойда бүгін толқытады жыр думан,
Тәуелсіздік – бақыттым деп таниды ел.
Қаруйлердің шежірелі сыры мен,
Бабалардың ән әуезі әлдилер...

“ЖАЯУ МҰСА”...

Әзиза жеңгеме

Ол кезде қалайша мен мән бермегем,
Бас асау балалық па әл бермеген?
“Жаяу Мұса” деп жеңгем ат қойғанда,
Жаяу деп,

кемсіттің деп пәлденген ем.

Құлағым үйренді ме өсе келе,
Өсе келе құлақ та төселе ме?
“Жаяу Мұса” атағым қалмай қойған,
Әз жеңгем “жазғандай-ақ” пешенеме.

Халқым сүйген Мұсаны ұқтый анық,
Аяулысын ардақтап күткен халық.
Мықты есіммен атаған әз жеңгеме,
Өсе келе көргем жоқ тілтен налып.